

## Тақырыбы: «Сүйіспеншілік адамның басты қасиеті»



Дайындаған: Калиакпарова А.С.

## Нұр-Сұлтан қаласы қаласы

### Тәрбие сағаты

**Сынып: 4-«А,Б»**

**Күні: 22.11.19ж**

**Тақырыбы: «Сүйіспеншілік адамның басты қасиеті»**

Мақсаты: оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Көрнекілігі: ән-күй, үлестірмелі материалдар, нақыл сөздер жазылған плакаттар.

Тәрбие сағатының тақырыбы, мақсаты айтылады. Тақырыпқа сәйкес ой қозғауға оқушыларға төмендегідей сұрақтар беріледі.

1. Адамгершілік дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Адамгершілікке қандай қасиеттерді жатқызуға болады?

Оқушылардың ойын әрмен қарай өзім толықтырамын. Адамның адамгершілігі-оның жоғары қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі-өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. «Өзің үшін еңбек қылсаң, дейді Абай,- өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. «Досына достық-қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол».

Ақылды, мейірімді адам әруақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш

келеді. Арлы адам-ардақты адам. Арымыз таза болса, тарихымыз да таза. Адам атаулының жақсы қасиеттерінің бірі-адалдық, ол өмірде қымбат асыл қасиет, асыл мінез, ашық, шыншыл қарым-қатынас. «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деген Бауыржан Момышұлы.

Адамда асыл қасиеттерімен қатар жағымсыз қасиеттер де болады. Олар-жалқаулық, өзімшілдік, күншілдік, сараңдық, қорқақтық, менмендік, қатыгездік ашу, ызакорлық. Сыныптағы оқушылар екі топқа бөлініп отырады.

Адамгершілік туралы Ұлы Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз» деген өлең жолдарын қалай түсінуге болады? Ол қандай қасиеттер?

1-топқа неден жирену керек? (Өсек, өтірік мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)

2-топқа Неге үйрену керек? (Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым).

Келесі тапсырма «Өз бойыңда қандай жақсы қасиеттер бар?». Жарқын күн көлбейленіп тұр, күнді біз мейірбан, жан шуағын төгетін құдіретті ананың біріне теңесек, біз оның жүрегіндегі көлеңке сезімін сейілтейік, ол үшін бетіндегі түнерген бұлттарды ашайық.

Бірінші бұлт. Жағымды ой ойлауға бір минут уақыт беріледі.

Екінші бұлт. рухани адамгершілік қасиет-сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік дегенді қалай түсінесіңдер?

1. Отанға деген, ата-анаға деген сүйіспеншілік, досқа деген, туған жерге деген сүйіспеншілік.

Үшінші бұлт. Жағдаяттық сұрақтар.

1. Сынып ішіндегі бір баламен сенің досың ойнағысы, қарым-қатынас жасағысы келмейді. Тіпті «оны мазақтаңдар» үгіттейді. Ал сен не істер едің?

2. Сенің жан досың «Киноға барайық» деген болатын, ал сенің уақытың болмай жатыр. Не істер едің?

3.Ата-анаңның теледидардан қарайтын бағдарламасы сенің қарайтын бағдарламамен бір уақытқа келіп қалды делік, сен де оны үзбей қарайсың. Бірақ өкінішке орай екеуі екі арнадан беріледі, сен қандай шешімге келер едің? Төртінші бұлт. 1. Мәдениетті болу дегенді қалай түсінесің? Тамақ ішіп болған соң «рахмет» айт. Телефонға біреуді шақырғанда «рұқсат болса» дегенді ұмытпа. Байқаусызда біреуді қағып кетсең «кешіріңіз» деу керек. Үш-ақ нәрсе-адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». (Абай) Абай «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек» деп үйретеді. «Әуелі надандық, екіншісі-еріншектік, үшіншісі-залымдық. Надандық-білім, ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік-күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, талапсыздық, ұятсыздық - бәрі осыдан келіп шығады. Залымдық-адам баласының дұшпаны. Ашылған күннің соңындағы кемпірқосаққа көңіл аударайық.

1-түсі. Әр күнді жақсы ойлар ойлаумен бастаңдар.

2-түсі. Күні бойы өзінді қоршаған адамдардың бәрі туралы тек сүйіспеншілікпен және ізгілікпен ойлап жүріңдер.

3-түсі. Ұйықтар алдында бүгін қанша адамды қуантқаныңды, жұбатқаныңды күлдіргеніңді еске түсіру үшін бірнеше минут арнап көр.

4-түсі. Әнді жиірек тыңдаған дұрыс.

5-түсі. Басқалардың қажетіне жарай білуге талпын.

6-түсі. Тыныштық сақтай білуге үйрен. Нәзік үнмен биязы сөйлеуге дағдылан.

7-түсі. Жақсылыққа жақсылық-әр кісінің ісі-жамандыққа жақсылық-ер кісінің ісі» деген сөз жаныңда жүрсін. Көк аспан аясында күлімдеген күнімізді түнерген бұлттан қорғадық, артынан жадырап кемпірқосақ керілді, міне осындай әсем табиғат аясына асыл қасиеттерге толы «Адамгершілік ағашын» өсірдік. Осы әсем ағаш алдағы уақытта сіздерге сая болсын, бір-біріңізге деген ықылас сезімдеріңіз еш уақытта жойылмасын, үнемі қайырымды, мейірімді, адал, ақкөңіл, еңбекқор, әділ, ақылды парасатты болыңыздар! Осымен бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды, сау болыңыздар!



*«Елін сүйген,  
елі сүйген Елбасы»*

(СЫНЫП САҒАТЫ)

Дайындаған: Калиакпарова А.С.

Нұр – Сұлтан қаласы  
2019 жыл

## **Тақырыбы: «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы»**

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы толық мәлімет беру, білім алушыларға өз Отанын, туған жерін сүйуге, қорғауға, сақтауға құрметтеуге тәрбиелеу.

**1 – жүргізуші Алихан:** Армысыздар ұстаздар, оқушылар! 1 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне арналған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты салтанатты жиынды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

### **(Гимн)**

**2 – жүргізуші Гүлназ:** «Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халықтың өз ішінен шықты» дегенде, мұны поэтикалық - асқақ мәнде де, тура мағынасында да түсінген абзал. Нұрсұлтан Назарбаев қарапайым ауыл отбасында туып - өсті. Оның балалық шағы ауыртпалығы мол соғыс және соғыстан соңғы жылдармен тұстас келді. Ел алапат соғыстан кейін қайта еңсе тіктеп жатқан еді, ең қажетті нәрселер жетіспеді, адамдар үнемі ашқұрсақ болатын.

**1 – жүргізуші Алихан:** Жас Назарбаев соның бәрін басынан өткеріп, бәрін жеңе білді, өте жақсы білім алып, «от - жалынды» мамандықты игеріп, азамат қатарына қосылды. Елмен жұмыс жүргізетін басшылық қызметтерге сатылап жоғарылады. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті болды.

**2 – жүргізуші Гүлназ:**

Ән мен күйді төгілтіп,  
Инжу – маржан шашайық.  
Қонақтарды таңданып,  
Өнерден күмбез жасайық.

**1 – жүргізуші Алихан:** 1991 жыл 1 желтоқсан. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Н. Ә. Назарбаев сайланды. Міне сол жылдан бері Қазақстанның Президенті болып, елімізді көркейттім, бүкіл дүние жүзіне Қазақстан елін таныты десе болады.

**2 – жүргізуші Гүлназ:** Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік, Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де, ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек» - деген сөзін әрбір азамат жүрегінің терең түрпіріне сақтап, қашанда жадында ұстау керек. Бұл баршамыздың туған ел алдындағы перзенттік борышымыз.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі болғай!

Ту тігілді халқымның бүгін бағына,  
Жас өрендер, желбіретіп, нық ұста!  
Ғасырларға жалғастырып елдікті,  
Дақ түсірме ата – баба рухына.

**1 жүргізуші Алихан:** Елі үшін көтеріп нар жүгін де,

Сенімі нық сезілетін үнінде.

Аты озған дүниедегі дүбірде

Нұрсұлтанмен кім мақтанбас бүгінде?!

**2 жүргізуші Гүлназ:** Азаттық, теңдік әлемі,  
Шаттыққа елді бөледі.  
Тағдыры тарих өрелі  
Көк тудың желбірегені!

**1 жүргізуші Алихан:** Елі үшін көтеріп нар жүгін де,  
Сенімі нық сезілетін үнінде.

Аты озған дүниедегі дүбірде  
Нұрсұлтанмен кім мақтанбас бүгінде?!

**2 – жүргізуші Гүлназ:** Біздің Қазақстан

Анамыздай тілеуі ақ.

Отан бізге біреу – ақ

Ол – біздің Қазақстан!

Жастан сүйе аңсаған

Тәтті күй мен кәусар ән. **«Көк тудың желбірегені» әні, орындайтын 4-сынып оқушылары**

**1- жүргізуші Алихан:** Халқым айтқан жер көтерер ел даңқын,

Елім айтқан ел көтерер жер даңқын.

Президентім, елбасы, аман болғай,

Мәңгі жаса, жас қазағым, өр халқым!

**2 – жүргізуші Гүлназ:** Еліміз бар, жеріміз бар,

Жер астында кеніміз бар.

Халқымыз да көп ұлтты,

Бүгінде олар бақытты.

**1- жүргізуші Алихан:** Ел тынысын тереңінен танып кең,

Шарапаты бар адамға дарып тең.

Елбасының есімі бұл тарихта

Қалар анық өшпес алтын әріппен.

**2-жүргізуші Гүлназ:** Адамдықтың аласармас үлгісі

Бір өзінен жатқаны шын таралып

Бүгін **Тұңғыш Президенттің** күніне

Әсем әнді шырқата бір салайық!

Үлгі бізге аталардың ерлігі,

Ұлағаты, өнегесі, еңбегі.

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,

Бүгінгі ұрпақ – болар елдің ертеңі

Тұңғыш Президент күні баршаңызға құтты болсын! **«Елін сүйген, елі сүйген**

**Елбасы»** салтанатты жиынын жабық деп жариялаймыз.





Shot on Y93 Lite vivo dual camera



Shot on Y93 Lite vivo dual camera



Shot on Y93 Lite vivo dual camera

# *Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері*

(СЫНЫП САҒАТЫ)

Дайындаған: Калиакпарова А.С.

Нұр – Сұлтан қаласы  
2019 жыл



**Күні:** 28/11/19

**Сынып:** 4 «А»,4 «Б»

Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:

**Сынып жетекшісі:** Калиакпарова А.С.

**Тәрбие сағатының тақырыбы:** «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері»

**Мақсаты:**

- Балалардың қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту
- Ойлау, пайымдау, еске сақтау, логикалық ойлау дағдыларын дамыту;
- өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** суреттер, қыс мезгілі, қауіпсіздік таратпа қағаздар

**Әдіс - тәсілдері:** сұрақ - жауап, түсіндіру, көрсету, талдау

**Тәрбие жұмысының барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

- Сәлеметсіңдер ме балалар?
- (Балалар жауабы) Сәлеметпіз.

**Психологиялық сәт.**

Бір топ бала сырғанап,  
Барады әне, жарысып.  
Қалды артында қыр алап,  
Іздерінен қар ұшып.

**Жұмбақ.**

Шанамен зырлап желетін,  
Шаңғы, коньки тебетін,  
Аққала жасап ойнайтын,  
Қай мезгіл деп ойлайсың?  
(Қыс)  
Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

**Сұрақ - жауап.**

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Балалар, алғаш сабаққа келген күндеріңді естеріңе түсіріңдер. Сонда сендер қалай киініп келдіңдер?
- Ал қазір қалай киініп жүрсіңдер?
- Қыс несімен қызық?
- Қыста біз не жасаймыз?

**Көктайғақ кезінде зардап шеккіңіз келмесе, келесі ережелерді орындаңыз:**

- Өзіңіздің аяқ киіміңізге көңіл аударыңыз:
- Аяқастына қараңыз, қауіпті жерлермен жүрмеңіз.
- Егер мұзды жерді айналып өту мүмкін болмаса, мұз үстімен шаңғышы сияқты қысқа адымдармен жүріңіз:
- Жолдың келесі бетке өтетін жерлерде абай болыңыз, асықпаңыз, жүгірмеңіз;
- Аяғыңызды тізеден бос ұстап, табаңыңызды нық төсеп жүріңіз;
- Қолды қалтаға салып жүру құлау қаупін ұлғайтады.
- Егер тайып кетсеңіз ауыр жарақат алмас үшін, жүрелеп отыра қалуға тырысыңыз.
- Құлаған кезде қатты сокқы алмас үшін бүктетіліп, аунап түсуге тырысыңыз.
- Құлаған кезде қолыңыздағы заттың емес, өзіңіздің аман қалуыңызды ойлаңыз.
- Құлаған соң орныңыздан бірден көтерілмей, жарақат алмағаныңызға көз жеткізіп, жаныңыздағылардан көмек сұраңыз.

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!** Әсіресе арқамен құлау, шалқасынан құлау ең қауіпті болып табылады, себебі, осы кезде мидың шайқалуы мүмкін. Жарақат алған кезде міндетті түрде жедел жәрдем қызметіне хабарласу қажет.

Естеріңізде болсын: әдетте мұз сүңгілері су жиналған жерде пайда болады, сол себепті үйлердің фасадын айналып өту керек.

Қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар және мүмкіндігінше ғимараттардың қабырғаларына жақын жүрмеңіз.

Егер тротуарда жүрген кезде жоғарыдан күмәнді дыбыстар шықса, жоғары қарап, не екенін тексерудің қажеті жоқ. Ол жылжыған қар немесе мұз кесегі болуы мүмкін.

Ғимараттан алыс қашуға да болмайды. Қабырғаға тезірек сүйеніп, шатырдың шетін қалқа ретінде қолдану керек.

Үнемі қоршалған жер телімдеріне мән беріп, қауіпті жерлерге кіруден бас тартыңыз.

Көктайғақ апаттарынан өз өзінді қорғаудың ең бір дұрыс тәсілі көшелерде жол жүру ережесін сақтау болып табылады, соның ішінде:

- автобустың артынан айналып өту;
- балаларды өз жаныңнан жібермеу;
- бағдар шамның қызыл түсі жанып тұрғанда жолдан өтпеу;
- жолдан өтер кезде ең алдымен солға, содан соң оңға қарау;
- жолдан өтуге дайындалып тұрған уақытта жол шетінде тұрмау;
- автобус аялдамасында жүріп жатқан көлікке артыңмен бұрылмау;
- көлік қатты жылдамдықпен жүріп, өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін.

- Мұздың үстімен топтасып жүргенде, бір-біріңнен 5-6 метр алшақ жүрген жөн.

Бірінші жаяу жүргенге бейімдеп, құтқаратын заттарды кигізіп, (мысалы құтқару кеудешесі) ең жеңіл адамды жіберу керек

- Тыйым салынған жерлерден, су қоймаларындағы мұздан өтуге болмайды.

- Мұзды аяғыңызбен жармаңыз.

- Мұздағы тесіктерге, жарықтарға, ойықтарға жақын келмеңіз.

- Мұздың бөлек бөлігінде топталып тұрма.

- Шанамен, шаңғымен тік жар жағадан жұқа мұзға қарай сырғанамаңыз..

### **Қорытынды.**

Оқушылар бүгінгі сабақтан не түсінгендерін стикерге жазады.

